Бекітемін
Мектеп директоры
Шонгалова Г.Б.
2026ж ____________

**«Астрахан ауылының №1 мектеп - гимназиясы» КММ-нің**

**Педагогикалық – психологиялық қызметті**

**жылдық жұмыстарының есебі**

**2025 – 2026 оқу жылы**

**«Астрахан ауылының №1 мектеп гимназиясы» КММ 2025 – 2026 оқу жылында мектеп оқушыларымен жоспарға сай саулнама алынды.**

**2025 жылдын қыркүйек – 2026 жылдын мамыр айларының аралығында жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат.**

**«Жаңа ортаға бейімделу»**

10.09.2025ж күні **5 «А» сынып оқушыларымен** «Жаңа ортаға бейімделу» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Топтық ойындар, танысу жаттығулары мен жағымды эмоциялар арқылы оқушылар жаңа ортаға бейімделуге, бір-бірін жақынырақ тануға мүмкіндік алды. Балалар белсенділік танытып, жағымды әсер алды.
Мақсаты: Оқушылардың жаңа оқу ордасына (орта буынға) бейімделуін жеңілдету, сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, өзара түсіністік пен сенімді арттыру.
Қатысушылар саны: 5 «А»– 17 оқушы; ұл-5, қыз-13.
Өткізген мектеп психологы Кажибаева Г. К.

https://www.instagram.com/p/DOlaDFxCKOf/?igsh=MTVocXB0d2J4OHV6OA==





# Ата-ана  жиналыс

2025 жылдың 11.09 күні **5 "А" гимназиясы сыныбының** ата-аналарымен "Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп" тақырыбында оқу жылының алғашқы жиналысы өткізілді. Жиналысқа мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары  Отениязова А.А,  тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Олжабек Сайран,  мектеп психологы Кажыбаева Г.К. қатысып, гимназия сыныбының ашылуы, оқушылардың нәтижелері,  талаптары мен ерекшеліктерін және оқушылардың бейімделуі бойынша ақпарат берілді.

Күн тәртібінде:

1. Гимназия  сыныбының  ашылуы, комиссия отырысының хаттамасы, бұйрықпен таныстыру.

Мектеп директоры  Шонгалова Г.Б.

2. Гимназия сыныптарының талаптары, ерекшеліктері. РУП,ТУП. БЖБ,ТЖБ, кіріс,шығыс сынақтары. Пән мұғалімдері бойынша таныстыру.

ДОІЖО.  Отениязова А.А.

3. "Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп"

ДОІЖО  Олжабек Сайран

Оқушылардың бейімделуі.

Мектеп психологы.  Кажыбаева Г.К.

4. Ата-аналар комитетін сайлау.

Әртүрлі сұрақтар

Сынып жетекшісі:  Кошекбаева Г.А

https://www.instagram.com/p/DOqYwvOiGxF/?img_index=4&igsh=MXZjMnpnbHl1dmZqN_w==



**Ата-ана жиналыс**

Күні: 11.09.2025 ж. Ата-ана жиналысы

“Астрахан ауылының N1мектеп-гимназиясы’КММ-нің **3”А’сынып** ата-аналарымен оқу жылының басталуына орай “Адал азамат-болашақ қоғамның тірегі’ тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.Күн тәртібінде:
1.«Адал Азамат Тәрбиелеу: Ата-Ана, Мұғалім Және Мектеп Ынтымақтастығы» тақырыбында «Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасына шолу жасау;
2.Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулығымен және бағдарламасымен таныстыру;
3.«ДОСБОЛLIKE» БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖӘБІРЛЕУДІҢ (БУЛЛИНГТІҢ) АЛДЫН АЛУ БАҒДАРЛАМАСЫ туралы түсінік беру;
4.Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы бұйрықпен таныстыру;
5.Ата-аналар комитетін сайлау мәселелері қарастырылды.Ата-аналардың көңіл-күйін көтеру мақсатында мектеп психологы тренинг пен ойын ойнатты.Жиналыс соңында әр ата- ана өз отбасындағы ұстанатын құндылықтарымен бөлісті.
Сынып жетекші Казанбаева А.А

https://www.instagram.com/p/DOf1tTwCCMe/?img_index=1&igsh=dXd0ZXBhdXZocXpw





**«Көңілді үзіліс»**

Күні: 12.09.2025 ж. «Көңілді үзіліс»

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі оқушылар үлкен зияткерлік және эмоционалдық жүктемелерге тап болады. Үзілістер – тек демалыс емес, сонымен қатар білім беру процесінің маңызды бөлігі. Көңілді үзіліс оқушылардың стресін төмендетіп, көңіл-күйін жақсартып, мектеп өміріне белсенді қатысуына ықпал етеді.

«Көңілді үзілістің» мақсаты мен міндеттері:

Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру;

Командалық жұмыс, достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

Мектептегі эмоционалдық атмосфераны жақсарту;

Агрессия мен уайымды азайту.

Психологиялық және педагогикалық әсері:

Мұғалімдер мен психологтардың пікірінше, тұрақты түрде ұйымдастырылатын көңілді үзілістер:

Келесі сабақтарға зейінділікті арттырады;

Шаршауды азайтады;

Оқушылардың әлеуметтенуіне және жеке қабілеттерін ашуына ықпал етеді.

https://www.instagram.com/p/DOnw9EvCLwf/?img_index=4&igsh=MTIyejhreXVkdmQwOA==



**1"А" сынып оқушылардың мектепке бейімделуі**

15.09.2025ж күні 1"А" сынып оқушылардың мектепке бейімделуі жақсы өтуде. Кейбір балаларда мазасыздық байқалғанымен, жалпы сынып ұжымы қалыптасып келеді.
Мақсаты: Бірінші сынып оқушыларының мектеп ортасына психологиялық, эмоционалдық және оқу тұрғысынан бейімделу деңгейін анықтау, танысу, нейрожаттығулар жасау.
Қатысушылар саны: 1 «А»– 14 оқушы; ұл-8, қыз-6.
Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г. К.
https://www.instagram.com/p/DOs05oxCIi2/?igsh=ZHNpNDVldm8xdmU=





**1"Ә" сынып оқушылардың мектепке бейімделуі**

16.09.202 5ж күні 1 "Ә" сынып оқушылардың бейімделу үдерісі оң нәтиже көрсетуде. Балалар өзара қарым - қатынас орнатып, оқу үдерісіне белсенді қатысуда.
Мақсаты: Бірінші сынып оқушыларының мектеп ортасына психологиялық, эмоционалдық және оқу тұрғысынан бейімделу деңгейін анықтау, танысу, нейрожаттығулар жасау.
Қатысушылар саны: 1 «А»– 14 оқушы; ұл-9, қыз-5.
Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.К.
https://www.instagram.com/p/DOs1DzyCBMM/?igsh=MTEzdGVveWdhYTR5Mw==





**«Жаңа ортаға бейімделу»**

17.09.2025 ж  күні **5"Ә" сынып оқушылармен бейімделу** - маңызды кезең деген тренинг өткізілді. Жаңа ұстаздар, жаңа талаптар. Балаларға  бұл кезде қолдау ауадай қажет. Ұстаз бен ата - ана бірлесе әрекет етсе - бала бейімделуі де жеңіл болады.
Мақсаты: Бастауыш мектептен орта буынға көшу – оқушылар өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Оқушылар жаңа пәндермен, мұғалімдермен, бағалау жүйесімен және оқу жүктемесінің артуымен бетпе-бет келеді.
Қатысушылар саны: 5 «Ә»– 9 оқушы; ұл-2, қыз-7.
 Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г. К.
https://www.instagram.com/p/DOvGinXiAFl/?igsh=aG55cW4zbm9kbWFj




**«Көңілді үзіліс»**

17.09.2025 ж күні Көңілді үзіліс - кішкентай театр сахнасы!  5"А" сынып оқушылары үзіліс кезінде мата қуыршақтармен шағын қойылым ұйымдастырды: Дәрігер, Сиыр және Бақа - балалар өздері ойдан шығарып, сахналады! Осындай шығармашылық сәттер - мектеп өмірін жарқын етеді. **Мақсаты мен маңызы:**
Шығармашылық қабілеттерді дамыту: балалар өз ойларын еркін жеткізуге тырысты.
Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру: топпен жұмыс істеп, бір-бірін тыңдады.
Эмоциялық сергіту: оқу процесінен үзіліс алып, жағымды эмоциялар алды.
Мектеп өміріне қызығушылықты арттыру: мектепте қызықты әрі көңілді болуы мүмкін екенін көрсетті. Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г. К.
https://www.instagram.com/reel/DOvHGAziM2q/?igsh=cHBpMG9tbXl1cGVu




# Ата-ана  жиналыс

Күні: 19.09.2025 ж. Ата-ана жиналысы

**10 сыныптың ата-аналарымен** С. Абишева мазмұнды жиналыс өткізді.

Күн тәртібі:

1⃣Оқушылардың мектепке келіп-кету қауіпсіздігі 🚸

2⃣“Адал азамат”, “ДОСБОЛLIKE”, KiVa бағдарламалары туралы ақпарат

3⃣Ата-аналар комитетін сайлау

4⃣Өзге де мәселелер

Жиналыс пайдалы да қызықты өтті.

Ата-аналар белсенділікпен қатысып, өз ойларын ортаға салды.

https://www.instagram.com/reel/DOxphjuCFnM/?igsh=MTRsM2Zna3NiOXF2Mw==




## 10 сынып оқушыларымен "Достық пен бірлік"- тренинг

22.09.2025 ж күні 10 сынып оқушыларымен "Достық пен бірлік" тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты - жаңа ортаға бейімделу, достық қарым -  қатынасты нығайту және ұжымдық бірлікті қалыптастыру. Балалардың белсенділігі жоғары болды, сыныпта жағымды атмосфера орнады. Оқушылардың бір-бірімен танысуына, жаңа ортаға бейімделуіне, достық қарым-қатынас орнатуына, ұжымдық бірлікті нығайтуға ықпал ету.

Қатысушылар саны: 10 сынып – 10 оқушы; ұл-3, қыз-7.

Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г. К.

https://www.instagram.com/p/DO-LKL0CB-A/?igsh=MXZhNHFocnkwdHQyNg==





## 2 «Ә» оқушылардың көңіл-күйін көтеру – тренинг

24.09.2025.ж күні 2 «Ә» сыныбында көңілді ойын-тренинг өткізілді. Шарлармен мини-футбол ойнадық, ойын арқылы ұйымшылдық пен достық сезімін дамыттық. Балалар белсенді, көңілді, сыныпта тамаша атмосфера орнады.

Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін көтеру, ұжымдық қарым-қатынасты нығайту, достық сезімін дамыту, топпен жұмыс жасауға үйрету.

Қатысушылар саны: 2 «Ә» – 22 оқушы; ұл-12, қыз-10.

Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.К.

https://www.instagram.com/p/DO_q69biE3z/?img_index=3&igsh=aG84Ymx3cTUxZHQz




## 2"А" эмоциялық көңіл-күйді көтеру - тренинг

24.09.2025 ж күні 2"А" сыныбында көнілді тренинг өткізілді. Балалар шарлармен футбол ойнап,нейрожаттығулар жасап, командалық рухты сезінді.

Мақсаты: Оқушылар арасында бір-біріне деген сенімділікті арттыру, командалық жұмыс дағдыларын дамыту, эмоциялық көңіл-күйді көтеру.

Қатысушылар саны: 2 «А» – 21 оқушы; ұл-11, қыз-10.

Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.К.

https://www.instagram.com/p/DO_qx-CDYA/?img_index=3&igsh=ZXBmYm94ZzMzZWx






**2025 жылдың 25 қыркүйек айында 0 «А» даярлық тобында психологиялық тренинг өткізілді.** Сабақ ойын түрінде ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі-түсті шарлармен «футбол» ойнап, клюшка орнына арнайы хлопушкаларды пайдаланды. Сонымен қатар балаларға нейроқимылдық жаттығулар ұсынылды: көзін жұмып қағаз бетіне су құйылған бөтелкені дұрыс орналастыру, саусақ және жұдырықпен орындалатын қимыл-жаттығулар. Жаттығулар оқушылардың ұсақ моторикасын, назарын және есте сақтау қабілеттерін дамытуға бағытталды. Қатысушылар саны: 0 «А» – 17 оқушы; ұл-11, қыз-6.  Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.К.
https://www.instagram.com/p/DPGEic9CBfq/?igsh=MWxjdzljeTZzYmFzYg==





**2025 жылдың 25 қыркүйек айында 0 «Ә» даярлық тобында психологиялық тренинг жүргізілді.** Шара ойын түрінде өтті: оқушылар шарлармен «футбол» ойнады, ал клюшка орнына хлопушка қолданылды. Нейроқимылдық тапсырмалар берілді: көзді жұмып қағаз үстіне бөтелкені дұрыс қою, саусақтар мен алақанды жаттықтыруға арналған қимылдар. Тренинг барысында балалардың қызығушылығы жоғары болды. Олар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, топта жұмыс істеуді үйренді. Ойындар олардың ойлау қабілетін, қозғалыс үйлесімділігін және эмоционалды жағдайын жақсартуға ықпал етті.Қатысушылар саны: 0 «А» – 11 оқушы; ұл-6, қыз-5.
Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.К.
https://www.instagram.com/p/DPGEoyKCPZW/?img_index=2&igsh=MW11NGhpOGltd3U0






**26.09.2025 ж күні жоспар бойынша «СІЗГЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ» ЭКСПРЕСС САУАЛНАМАСЫ, «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АВТОРЛАР ҰЖЫМЫ 2-4 сыныптарға арналған тест алынды.**

Сауалнаманың мақсаты – баланың өміріндегі зорлық-зомбылықтың қай салаларында бар екенін анықтау.

Тест алған мектеп психологы Кажыбаева Г.К.

| Район | школа | Всего учеников | Прошли тестирование | Не прошли тестирование | Безопасная зона | Средняя зона риска | Зона риска |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астраханский | Школа – гимназия № 1 | 108 | 108 | 0 | 106<br>98,1% | 2<br>1,80% | 0<br>0 |

**27.09.2025 ж күні жоспар бойынша «СІЗГЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ» ЭКСПРЕСС САУАЛНАМАСЫ, «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АВТОРЛАР ҰЖЫМЫ 5-11 сыныптарға арналған тест алынды**.

Тест алған мектеп психологы Кажыбаева Г.К.

| Район | школа | Всего учеников | Прошли тестирование | Не прошли тестирование | Безопасная зона | Средняя зона риска | Зона риска |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астраханский | Школа – гимназия № 1 | 171 | 171 | 0 | 165<br>97% | 6<br>3% | 0<br>0 |

**08.10.- 13.10.2025 ж күндері жоспар бойынша «КІШКЕНТАЙ АДАМДАРМЕН АҒАШ» ПРОЕКТИВТІ ӘДІСТЕМЕСІ, АВТОРЫ Д.ЛАМПЕН, Л.П. ПОНОМАРЕНКОНЫҢ БЕЙІМДЕЛІНГЕН НҰСҚАСЫ 1- 4 сыныптарға арналған тест алынды**. Тест алған мектеп психологы Кажыбаева Г.К.

| Район | школа | Всего учеников | Прошли тестирование | Не прошли тестирование | Безопасная зона | Средняя зона риска | Зона риска |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астраханский | Школа – гимназия № 1 | 108 | 108 | 0 | 101<br>94% | 7<br>6% | 0<br>0 |

**16.10.- 24.10.2025 ж күндері жоспар бойынша Субъективті күй деңгейін диагностикалау әдісін 1978 жылы Д. Рассел, л. Пепло, М. Фергюсон жасаған.**
**Рассел Д. Миарс (Рассел Д. Миарс) 10,11 сыныптарға арналған тест алынды**.

Тест алған мектеп психологы Кажыбаева Г.К.

| Район | школа | Всего учеников | Прошли тестирование | Не прошли тестирование | Высокий уровень одиночества | средний уровень | Низкий уровень |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астраханский | Школа – гимназия № 1 | 26 | 26 | 0 | 0 | 5<br>19,2% | 21<br>80,8% |

**ҰБТ туралы түсіндіру жұмыстары өткізілді**

**2025 жылғы 10 және 15  қазан күні 11 сынып оқушылары мен олардың ата-аналарымен  ҰБТ туралы түсіндіру жұмыстары өткізілді**.

Іс-шараның мақсаты: Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) өткізу тәртібі, тіркеу шарттары, емтихандағы тәртіп ережелері және жоғары оқу орындарына түсу ерекшеліктері туралы оқушылар мен ата-аналардың хабардарлығын арттыру.

Кездесу барысында мектеп директоры Шонгалова Г Б  және директордың орынбасары Кусаинова Б Т 2025 жылы ҰБТ өткізу рәсімі туралы, оған дайындалудың қаншалықты маңызды бойынша және сол мәселелер жөнінде  презентация ұсынды.

Келесі мәселелер қаралды: сынақ және негізгі сынақтарды өткізу кестесі; тіркеу мерзімдері мен кезеңдері; тестілеу кезінде қатысушылардың мінез-құлық ережелері; апелляция беру тәртібі; ЖОО-да таңдалған оқу бағытына байланысты пәндерді таңдау ерекшеліктері; психологиялық және оқу бойынша ұсыныстар. Мектеп психологы Қажыбаева Қ .Қ."ҰБТ алдындағы толқуды қалай жеңуге болады" тақырыбында қысқаша баяндама жасап, мазасыздық пен стресске төзімділікті жеңілдететін жаттығулар ұсынды. Сынып жетекшілері ҰБТ туралы өзекті ақпаратпен және ресми ресурстарға сілтемелермен жадынамалар таратты. Ата-аналар мен оқушылар ҰБТ рәсімі туралы толық және өзекті ақпарат алды.Түлектердің тестілеуден өтуге дайындық деңгейі артты.

https://www.instagram.com/p/DROrgr6iN8j/?img_index=4&igsh=eXlmamNoM3BqbDN6









**«Бірлік пен түсіністік» атты тренинг өткізілді.**

**20.10.2025.ж күні 11-сынып оқушыларымен «Бірлік пен түсіністік» атты тренинг өткізілді.**

Мақсаты: сенім, достық пен өзара қолдауды дамыту.
Оқушылар белсенді қатысып, керемет көңіл күйде болды.
Өткізу формасы: Тренинг, топтық және жұптық ойындар, пікірталас.
Қатысушылар саны: 11 сынып – 13 оқушы; ұл-6, қыз-7.
Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г. К.
https://www.instagram.com/p/DQ8d7LjiOAI/?igsh=ZGxlZ3RmejdqeWVk





**Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен "Командалық жұмыс" тақырыбында тимбилдинг өткізілді.** 28 қазан күні мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен "Командалық жұмыс" тақырыбында тимбилдинг өткізілді. Іс-шара барысында бірқатар психологиялық тренингтер жүргізіліп, қатысушылар арасында командалық қарым-қатынас пен өзара сенімді арттыруға бағытталған тапсырмалар орындалды.Тимбилдингтің ұйымдастырушысы — директордын ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Оспанов Д.К.,психологиялық тренинг жүргізген — мектеп психологы Кажыбаева Гүлшат Құрманқожақызы.
https://www.instagram.com/reel/DRg_sHsCCDb/?igsh=aTZ2bDk0Y3lpdDJl






**5ә сынып ата-аналармен «Бала болашағы – ортақ жауапкершілік» атты жиналыс өтті.**

2025 жылдың 7 қараша айында «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-де 5ә сынып ата-аналармен «Бала болашағы – ортақ жауапкершілік» атты жиналыс өтті. Жиынның негізгі мақсаты – оқушының сапалы білім алуын және қауіпсіз ортада тәрбиеленуін қамтамасыз ету үшін ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысын күшейту.

Өткізген *сынып жетекшісі:* *Мөлдіргүл Ерланқызы*

https://www.instagram.com/p/DROrgr6iN8j/?igsh=eXlmamNoM3BqbDN6




12.11.2025 ж күні 5 "А" сыныбында көңілді және пайдалы тренинг өткізілді. Балалар бір мақсатқа бірігіп, өзара түсіністік пен командалық рухты дамытты.

Мақсаты: Оқушылардың бір-бірімен үйлесімді әрекет етуін, зейінін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру.

Қатысушылар саны: 5 «А» сынып – 10 оқушы; ұл-2, қыз-8.

Өткізген мектеп психологы Кажибаева Г. К.

https://www.instagram.com/p/DRAGQZViCNz/?igsh=Y3d0Z3VocTBwanR6



**3 "А" сыныбымен " Синхрондылық пен бірлік" тақырыбында тренинг өткізілді.**

12.11.2025 ж күні 3 "А" сыныбымен " Синхрондылық пен бірлік" тақырыбында тренинг өткізілді. Балалар доп,шар және таяқ арқылы командалық рух пен зейінділікті дамытты. Мақсаты: Оқушылардың бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын дамыту, зейінін, көру және есту жадын арттыру, синхронды қимыл үйлесімділігін қалыптастыру.
Қатысушылар саны: 3 «А» сынып – 9 оқушы; ұл-3, қыз-6.
Өткізген мектеп психологы Кажибаева Г. К.
https://www.instagram.com/p/DRAGawiCMPL/?igsh=YWo2bXBlenduMnBu



**3 "Ә" сыныбында " Бір мақсат, бір ырғақ" атты тренинг өтті.**

13.11.2025 ж күні 3 "Ә" сыныбында " Бір мақсат, бір ырғақ" атты тренинг өтті. Балалар синхрондылық зейін және есте сақтау қабілеттерін ойын арқылы дамытты.
Мақсаты: Балалардың назарын шоғырландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту және командалық жұмысқа бейімдеу.
Қатысушылар саны: 3 «Ә» сынып – 14 оқушы; ұл-9, қыз-5.
Өткізген мектеп психологы Кажибаева Г. К.
https://www.instagram.com/p/DRBjhcKiLaX/?igsh=NnR3OHJlODlyODUx



**4 "А" сыныбымен  ББЖМ  бойынша түсіндіру жұмыстары мен тренинг өткізілді.**

14.11.2025 ж күні 4 "А" сыныбымен  ББЖМ  бойынша түсіндіру жұмыстары мен тренинг өткізілді. Оқушылар тест форматын меңгеріп, өздеріне сенімді бола түсті. Тренинг барысында зейін, синхрондылық және топтық жұмыс  дағдылары дамыды. Мақсаты: 4 «А» сыныбы оқушыларымен ББЖМ өткізуге байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу, олардың психологиялық дайындығын нығайту, жауапкершілік пен өзіндік бақылауды дамыту.Қатысушылар саны 4«А» сынып –10 оқушы;ұл-3, қыз-7.

Өткізген: Директор орынбасары  Кусаинова Б.Т. Мектеп психологы  Кажибаева Г. К.

https://www.instagram.com/p/DRJRbnyCNlD/?igsh=MXU4NTVvcWpnYjAyNg==



**4 "Ә" сыныбымен  ББЖМ  бойынша түсіндіру жұмыстары мен тренинг өткізілді.**

14.11.2025 ж күні 4 "Ә"  сыныбында  ББЖМ  - ға дайындық бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, психологиялық тренинг өткізілді. Балалардың мотивациясы мен сенімділігі артып, зейін мен эмоциялық тұрақтылық күшейді. Мақсаты: 4 «Ә» сыныбы оқушыларын ББЖМ -ға дайындау, түсіндіру жұмыстарын жүргізу және ынтымақтастық дағдыларын арттыру.

Қатысушылар саны: 4 «Ә» сынып – 9 оқушы; ұл-3, қыз-6.

Өткізген: Директор орынбасары  Кусаинова Б.Т.     Мектеп психологы  Кажибаева Г. К.

https://www.instagram.com/p/DRJOWfDCPec/?igsh=MTFrcXRwdnk0djd2aw==



**Оқу орнында 15 жастағы 9-10 сынып оқушылар арасында өткізілетін PISA халықаралық зерттеуіне**

Оқу орнында 15 жастағы 9-10 сынып оқушылар арасында өткізілетін PISA халықаралық зерттеуіне 2025-2026 оқу жылының жоспарына сай, ұйымдастыру шаралары бойынша 24 қараша 2025 ж. мектеп психологы Қажыбаева Г.К мектеп директордың орынбасары Б. Т Кусаинова мен бірлесіп тест алдындағы күйзеліс деңгейін төмендету үшін релаксация жаттығулары, сенімділік тренингтерін өткізді. Оқушыларға уақытты басқару және тапсырманы түсініп орындау бойынша кеңестер берілді. https://www.instagram.com/p/DRmk_ExjyYW/?igsh=b3picmpyMm1teW9p



**Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторнгі Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің нормативтік құқықтық актілері мен нұсқаулары негізінде жүзеге асырылады.** 27 қараша күні 2025 ж. Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясында 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес ББЖМ-ға дайындық жұмыстары өткізілуде . Осыған байланысты мектеп директордың орынбасары Кусаинова Б.Т және мектеп психологы Қажыбаева Г.К балаға алдағы емтихандармен байланысты психологиялық қиындықтарды жеңуге көмектесу мақсатында, оқушыларға стресске төзімділік, уақытты тиімді басқару, емтихан кезіндегі өзін-өзі бақылау тақырыптарында тренингтер өткізіп, қажет оқушылармен жеке кеңес жұмыстары жүргізілді.
https://www.instagram.com/p/DRtS3jmiAaT/?igsh=MWZzMGdpZjJub3lxbQ==



**Психология апталығының ашылуы**

Бүгін 8.12.2025 жылы мектебімізде 10 күнге жоспарланған Психология апталығы өз мәресіне жетті. Апта барысында оқушыларға, ата - аналарға және педагогтерге арналған психологиялық тренингтер, ойындар мен дамытушы жаттығулар өткізілді. Іс-шаралар білім алушылардың эмоционалдық жағдайын жақсартуға, жағымды қарым-қатынас орнатуға және психологиялық денсаулықты нығайтуға бағытталды. Барша қатысушыларға белсенділік танытқаны үшін алғыс білдіреміз!

Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г және инклюзияны қолдау кабинетінің психологы Дүйсенбекова Н.

https://www.instagram.com/reel/DSBxlYXCJbQ/?igsh=NWw5cGMyZjYxaDR4-видео

https://www.instagram.com/p/DSBybbeiLGd/?igsh=dXN2eWh5ZHhiOHph- фото

















Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері













9.12.2025 ж күні 1"Ә",1"А",2"Ә",2"А" сынып оқушыларына "Жылы лебіз шеңбері" деген тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты - балалардың эмоцияларын тану, бір - біріне жылы лебіз айту арқылы жағымды көңіл күй қалыптастыру. Тренингті өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г және инклюзияны қолдау кабинетінің психологы Дүйсенбекова Н.

https://www.instagram.com/p/DSHxxeLCFT4/?igsh=aXF4dGY5NWplc3Ez

https://www.instagram.com/p/DSHx20_CCGQ/?img_index=3&igsh=aWUzbjkzamFucHNk



**«Достық Көпірі»**

10.12.2525 ж күні 3"Ә",3"А",4"Ә",4"А" сынып оқушыларына «Достық Көпірі» деген тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – арамыздағы шынайы достық пен сыйластықты нығайту, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Бұл тренинг балаларға бір-бірінің түсінуге, ортақ құндылықтарды табуға және әркашан қолдау көрсетуге үйретеді. Достық – өмірдегі ең үлкен байлық.

Тренингті өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г

және инклюзияны қолдау кабинетінің психологы Дүйсенбекова Н.

https://www.instagram.com/p/DSM_L2ICAPn/?img_index=14&igsh=azE0YmRiMXN6d29q



## "Топтық сурет"

11.12.2025 ж күні 5"Ә",5"А",6"Ә",6"А" сынып оқушыларына "Топтық сурет" деген тренинг өткізілді.Тренингінің мақсаты өте маңызды. Сурет салу арқылы бір-бірімізді түсініп, ортақ іске атсалысу – нағыз командалық рух! Жалғасы болсын!
Тренингті өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.
https://www.instagram.com/p/DSNkP4iiPQd/?igsh=MTB5Y3ZuZXp1Ym5iMw== 5А,5Ә.
https://www.instagram.com/p/DSNkY19iG6o/?igsh=NDBjdjdsd3owczRp 6А,6Ә.





## «Менің құндылығым»

12.12.2025 ж күні «Өзіңді таны!» аясында өткен «Менің құндылығым» тренингі 7–8 сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын арттырып, өзіне деген сенімділігін нығайтуға бағытталды. Қатысушылар өз құндылығын танып, белсенді түрде ой бөлісті. Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.
https://www.instagram.com/p/DSka6AgD9Gx/?img_index=4&igsh=eGJxaWt1NnRscTMx






## «Менің болашағымның картасы»

15.12.25 ж күні 9-11 сынып оқушыларымен жоспарға сәйкес мамандық таңдауға бейімдеу мақсатында Мамандыққа бағыт: «Менің болашағымның картасы» атты іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында ЖИ арқылы оқушыларға мамандықтар әлемі бойынша сұрақтар мен тренинг өткізілді. Оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтап, болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауға бағыт алды. Қатысушылар түрлі тапсырмалар орындап, мамандықтар әлемімен танысты, өз мақсаттарын айқындап, болашаққа жоспар құрудың маңыздылығын түсінді. Іс-шара оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына оң әсерін тигізді. Мектеп психологы: Кажибаева Г.К
https://www.instagram.com/p/DSc7603CGmj/?igsh=OGVucXdnb3B5aThs





**"Эмоциялық жеңілдеу күні"**

16.12.2025 ж күні "Эмоциялық жеңілдеу күні" аясында мұғалімдерге арналған «Релаксация мен ресурс» тренингі өтті. Іс-шараның мақсаты – стрессті азайту, ішкі ресурсты нығайту және эмоциялық тепе-теңдікті қалпына келтіру. Қатысушылар жағымды әсер алып, сергіп шықты. Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.
https://www.instagram.com/p/DSeaaDYiNDw/?igsh=MTc2cTA5YnVseWJlcQ==




**«Бала — менің айнам» тақырыбында өткен «Жүрек жылуы» тренингі ата-ана мен**

17.12.2025 ж күні «Бала — менің айнам» тақырыбында өткен «Жүрек жылуы» тренингі ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталды. Іс-шара барысында ата-аналар баламен жылы, түсіністікке негізделген байланыс орнатудың маңызын сезінді. Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г. және инклюзияны қолдау кабинетінің психологы Дүйсенбекова Н.
https://www.instagram.com/p/DSean26CEMk/?igsh=ejcxamVtZ2Vmdm9l






**"Жақсылық жаса!"атты "Мейірімділік поштасы"**

18.12.2025 ж күні "Жақсылық жаса!"атты "Мейірімділік поштасы" акциясы барлық сыныптарды қамтып, оқушыларды жақсы сөз айтуға, мейірімді іс жасауға ынталандырды. Іс-шара жылы эмоция сыйлап, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Өткізген мектеп психологы Кажыбаева Г.

https://www.instagram.com/p/DSea5t8CM2u/?img_index=3&igsh=bDFhNTQ0eDNtazg4








**Псилогия апталығының соңғы күні аясында мектеп қызметкерлерге жылы лебіз жазылған тәттілер таратылды.**

19.12.2025 ж Псилогия апталығының соңғы күні аясында мектеп қызметкерлерге жылы лебіз жазылған тәттілер таратылды. Бұл шағын, бірақ мәнді іс - шара ұжым мүшелеріне көтеріңкі көңіл күй сыйлап,психология апталығын жағымды естелік ретінде есте қалдыруға бағытталды. Мектеп психологы Кажыбаева Г.

https://www.instagram.com/p/DSebB_3iJN7/?igsh=MWNtcTI3aHVxbTl3bQ==







**Психология апталығы «Бақытты болуға лайықпын!»**

19.12.2025 ж күні Психология апталығы «Бақытты болуға лайықпын!» атты қорытынды іс-шарамен өз мәресіне жетті. Бүгін апталық барысында белсенділік танытқан барлық қатысушылар марапатталып, «Барлық номинациялар бойынша Алғыс хаттар табысталды». Жылы әсер, жағымды эмоция мен көтеріңкі көңіл күй сыйлаған мазмұнды апта үшін барша қатысушыларға алғыс білдіреміз. Әрқайсымыз бақытты болуға лайықпыз. Мектеп психологы Кажибаева Г.К.
https://www.instagram.com/p/DSklI3Rj9Ql/?igsh=MWRidWgweTZtMGthMw== фото
https://www.instagram.com/reel/DSkmKMkiOY3/?igsh=MTYzcHk3MWRzb2czaQ==
видео










14.01.2026 ж Заң және тәртіп айлығы аясында 4 «Ә» сынып оқушыларымен «Сенің шешімің – сенің болашағың» атты психологиялық қолдау күні өткізілді.
Іс-шара барысында оқушыларға арналған тренингтер мен квест ойыны ұйымдастырылып, балалардың дұрыс шешім қабылдау, жауапкершілік сезімін дамыту және құқықтық сауаттылығын арттыру мақсат етілді.
Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізіп, қызықты тапсырмалар орындады.

https://www.instagram.com/p/DTw8z7RiPKT/?img_index=1&igsh=Nmtoc2lrdW4yM2Yx\





**16.01.2026 ж - 15.01.2026 ж  күні жоспар бойынша 5,6,7,8, 9,10,11 сыныптардан тест алынды  К. ЯНГТЫҢ ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІК ШКАЛАСЫ**

Результаты исследования

По итогам обработки данных были получены следующие показатели:

| Район | школа | Всего учеников | Прошли тестирование | Не прошли тестирование | обычный пользователь интернета | средняя интернет-зависимость | выраженная интернет-зависимость |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астраханский | Школа – гимназия № 1 | 171 | 171 | 0 | 146<br>85,4% | 25<br>14,6% | 0 |

**21.01.2026.ж күні** Мектеп оқушыларына арналған онлайн форматтағы психологиялық оқыту аясында **репродуктивті денсаулықты сақтау** және отбасын жоспарлау дағдыларына ерекше көңіл бөлінді.
«Денсаулық және өмір сүру дағдылары» тақырыбында мектеп медбикесі Мартихина Н.Н. және мектеп психологы Кажибаева Г.К. оқушылармен мазмұнды әңгіме жүргізді. Кездесу барысында жасөспірімдердің денсаулықты сақтау, жауапты шешім қабылдау және болашақ өмірге саналы дайындық дағдыларын қалыптастыру мәселелері талқыланды.

https://www.instagram.com/p/DTKoHaDiIt0/?img_index=1&igsh=MXU3eGxyMGk4ZnRobQ==



26.01.2026 ж 4 «Ә» сынып
Тақырыбы: «Менің сыныбым – менің отбасым», «Қақтығысты шешу жолдары»
Мақсаты: Оқушылар арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, сынып ұжымындағы өзара қарым-қатынасты нығайту және қақтығысты жағдайларда тиімді әрі бейбіт шешім қабылдау дағдыларын дамыту.
https://www.instagram.com/p/DUTqqNjiMHW/?igsh=MXJyenk2eGFlMHN3cA==





**09.02.2026 ж -10.02.2026 ж күні жоспар бойынша 5 «Ә», 5 «А», 6 «Ә», 6 «А» сыныптардан тест алынды «БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІНДЕ БЕСІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАЗАСЫЗДЫҒЫН АНЫҚТАУ» ЭКСПРЕСС-ӘДІСТЕМЕСІ Авторы О. Н. Хмельницкая** **Дата проведения:** 9,10 февраля 2026г.
Результаты исследования
По итогам обработки данных были получены следующие показатели:

| Район | школа | Всего учеников | Прошли тестирование | Не прошли тестирование | низкий уровень тревож-ности | средний уровень тревож-ности | Повышен-ный уровень тревож-ности | высокий уровень тревож-ности |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астрахан-ский | Школа – гимназия № 1 | 57 | 57 | 0 | 20 **35,1** % | 24 **42,1** % | 13 **22,8** % | 0 % |

**11.02, 12.02,13.02.2026 ж күні жоспар бойынша 7, 8 «Ә», 8 «А», 9 «Ә», 9 «А,10,11 сыныптардан тест алынды ӨМІРШЕҢДІКТІ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ Авторы – С.Мадди, бейімдеген Д.Леонтьев**
Результаты исследования
По итогам обработки данных были получены следующие показатели:

| Район | школа | Всего учеников | Прошли тестирование | Не прошли тестирование | низкий уровень тревож-ности | средний уровень тревож- ности | высокий уровень тревож-ности |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астрахан-ский | Школа – гимназия № 1 | 112 | 112 | 0 | 111 **99** % | 1 **1** % | 0 0 % |

**12 ақпан күні 9 "а" және 9 "ә" сыныптарының ата-аналар жиналысы өткізілді.**
Күн тәртібінде: - Аттестациялық емтихан; - Емтиханға дайынық; - Әртүрлі мәселелер;
9 "ә" сынып жетекшісі Далелхан Е. ата-аналарға алдағы аттестациялық емтихан туралы толық ақпарат берді. Емтихан тапсыру мерзімдері, ережелері және пәндер тізімі түсіндірілді.

9 “а” сынып жетекшісі Кусаинова Б. емтиханға дайындық жұмыстары туралы баяндады. Оқушылармен қосымша сабақтар, консультациялар ұйымдастырылып жатқаны айтылды.
Мектеп психологы Кажыбаева Г. ата-аналармен психологиялық треннинг өткізіп, емтихан кезеңінде балаларға эмоционалдық қолдау көрсету жолдарын түсіндірді.
Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға сынып жетекшілері мен мектеп психологы жауап берді.
https://www.instagram.com/p/DVFwEJJCEeT/?igsh=MXVybnQ4eXBlcnVzdw==



**06.04.2026 ж күні** жоспар бойынша“Астрахан ауылының 1 мектеп-гимназиясы” КММ-де 6 сәуір күні ата-аналарға арналған “Ата-аналар” жиналысы өтті.
Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:
1. Оқушы қауіпсіздігі- ата-ана мен мектептің бірлескен міндеті. (Түнгі уақыттағы оқушы қозғалысын бақылау,құқықбұзушылықтың, қаңғыбастықтың алдын алу,ата-аналық жауапкершілік жайлы түсіндіру жұмыстары.)
Мектеп директоры Г.Шонгалова
Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор Климек Ю. А
2. 2025-2026 оқу жылының 3- тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.
ДТІЖО Отениязова А.А
ДТІЖО  Олжабек С
3. Жасөспірімдерді әлеуметтік желілердегі зиянды ақпараттардан қорғау-өзекті мәселе. ППҚК қызметі туралы түсінік беру.
Мектеп психологі Кажибаева Г.К
5. Болашаққа бағдар: мамандыққа бағыт беру ата-ананың қолдауы.
Кәсіптік бағдар беруші Касымова С.Ш
6. Жазғы демалыс лагері мен мектеп жанындағы алаңдардың ұйымдастырылуы туралы ақпарат. ДТІЖО Имантаева А.К
Жиналыс барысында білім беру мен тәрбиеге қатысты өзекті мәселелер кеңінен талқыланды**.**
https://www.instagram.com/reel/DW1ALOaiISz/?igsh=MXc2M2ZnbzA2emw5ag==



















15.04.2026 ж күні Білім алушылардың емтихандарды сәтті тапсыруы үшін қолайлы психологиялық жағдай жасау мақсатында мектеп психологы Гульшат Курмангожаевна ақпарат берді. Оқушыларға емтихан кезінде күйзелісті жеңу, өз-өзіне сенімділікті арттыру және уақытты тиімді пайдалану жолдары түсіндірілді.

https://www.instagram.com/reel/DXI1UNbCJAo/?igsh=MXJtdGsydmZ0Z2EwYw==





14.04.2026 ж мен 15.04.2026 ж аралығындағы 4 «А»,4 «Ә», 9 «А»,9 «Ә» сынып оқушыларынан «Online Test  Pad» платформасы арқылы сынақ тест өткізді.
Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторнгі  Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің нормативтік құқықтық актілері мен нұсқаулары негізінде  жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта оқушыларды ББЖМ-қа дайындау жұмыстары жалғасуда. Сондай ақ ББЖМ-не дайындық жұмыстары барысында «Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы»  14.04.2026 ж мен 15.104.2026 ж аралығындағы 4,9 сынып оқушыларынан «Online Test  Pad» платформасы арқылы сынақ тест өткізді. Сонымен қатар, 9 сынып жетекшілері мен мектеп психологы Кажыбаевава К.К оқушылармен  тренинг өткізді. Директордың орынбасары Б.Кусаинова
https://www.instagram.com/p/DXbLqrACPH_/?igsh=YnowenZ6ZHM3a3A4













2026 жылдың 1-30 сәуір аралығында «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ аутизм туралы халықты ақпараттандыру айлығын өткізу жоспары негізінде 2026 жылдың 27 сәуірінде инклюзияны қолдау кабинетінде
аутизм туралы қоғамның ақпараттылығын арттыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету мақсатында «Көк жағу» акциясы ұйымдастырылды. Аталған акция – аутизммен өмір сүретін жандарға деген құрмет пен түсіністікті қалыптастыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Қатысушылар көк түсті таңдау арқылы аутизм мәселесіне бейжай қарамайтынын білдіріп, қоғамда мейірімділік, жанашырлық және қолдау мәдениетін нығайтуға өз үлестерін қосты.
Іс-шара барысында қатысушыларға аутизм туралы ақпарат беріліп, ерекше балалардың қоғамдағы орны мен оларды қолдаудың маңыздылығы кеңінен түсіндірілді. Мұндай акциялар қоғамдағы кедергілерді азайтып, әр баланың бақытты әрі толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік жасауға бағытталған.
Біз бірге болғанда ғана үлкен өзгерістерге қол жеткізе аламыз. Әрбір қолдау — маңызды, әрбір түсіністік — құнды!
Жауапты:  Инклюзияны қолдау кабинетінің әлеуметтік педагогы: Кидирбаева Роза Дуйсенбаевна Мектеп педагог-психологы:  Кажибаева Гульшат Курманкожаевна



https://www.instagram.com/reel/DXwZ9o5oFO_/?igsh=MXYwODJ3ZngxYTB4Mw==

2026 жылдың 1-30 сәуір аралығында «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ аутизм туралы халықты ақпараттандыру айлығын өткізу жоспары негізінде 2026 жылдың  29 сәуірінде ерекше білімді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасылармен тәжірибе алмасу және өзара қолдау көрсету мақсатында маңызды кездесу ұйымдастырылды.
Кездесу барысында ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді талқылады, пайдалы кеңестер алып, бір-біріне қолдау көрсетті. Осындай жылы әрі сенімді орта әр отбасыға күш-қуат беріп, алға қарай сенімді қадам жасауға мүмкіндік береді.
Бірге болсақ — біз күштіміз!
https://www.instagram.com/reel/DXtsF5ZCOyM/?igsh=M2w0dHlta3VrN2th

  


2026 жылдың 30 сәуірінде инклюзияны қолдау кабинетінің мамандары аутистикалық спектр бұзылыстары (АСБ) бар балаларды білім беру ортасына тиімді бейімдеу мәселелері бойынша мазмұнды консультация өткізді.
Кездесу барысында мамандар ата-аналарға және педагогтарға нақты ұсыныстар беріп, балалардың мектепке бейімделуін жеңілдететін әдіс-тәсілдермен бөлісті. Әр баланың ерекшелігін ескере отырып, қолдау көрсету жолдары кеңінен талқыланды.
Осындай маңызды жұмыстар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың толыққанды дамуына және қоғамға сәтті бейімделуіне үлкен ықпал етеді.
https://www.instagram.com/p/DXwWCyfCDsT/?igsh=MWhpMTB6eGJ4cXphaA==

  





**АНКЕТА-ОПРОСНИК «КАРТА РИСКА СУИЦИДА»**
**АВТОР Л.Б. ШНЕЙДЕР**

Результаты исследования **(5-11 классы)**

По итогам обработки данных были получены следующие показатели:

| **Район** | **школа** | **Всего учеников** | **Прошли тестирование** | **Не прошли тестирование** | **Не выявлено** | **Слабо выражен** | **Сильно выражен** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Астраханский** | **Школа – гимназия № 1** | 171 | 170 | 1 на дому | 152 89% | 18 11% | 0 |

## Прогностическая таблица риска суицида у детей и подростков автор - А.Н. Волкова

Результаты исследования (1-4 классы) А.Н.Волкова

По итогам обработки данных были получены следующие показатели:

| **Район** | **школа** | **Всего учеников** | **Прошли тестирование** | **Не прошли тестирование** | **Группа риска 1 «А», 1 «Ә»** | **Группа риска 2 «А», 2 «Ә»** | **Группа риска 3 «А», 3 «Ә»** | **Группа риска 4 «А», 4 «Ә»** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Астраханский** | **Школа – гимназия № 1** | 134 | 134 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |